



# АҒЫЛШЫН КЕЛІСІМШАРТ ҚҰҚЫҒЫ

Ыңғайласпа қанағаттандыру  
(Consideration) және құқықтық  
қатынастар орнату ниеті



Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы

Дәріс: Ыңғайласпа қанағаттандыру (Consideration) және құқықтық қатынастар орнату ниеті

Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

## Ыңғайласпа қанағаттандыру: мәміле жасалғанын-жасалмағанын анықтау

*Ыңғайласпа қанағаттандыру дегеніміз келісімшарт бойынша кез-келген түрдегі төлем. Әрбір тарап келісімшарт жасасудан белгілі пайда алуы тиіс.*

Контрагенттің өтініші бойынша берілген кез-келген құндылықтар кез-келген іс-әрекетті, әрекетсіздікті немесе уәдені ыңғайласпа қанағаттандыру ретінде қарастыруға болады.

Ыңғайласпа қанағаттандыруды талап етпейтін міндеттеме ресми шарт түрінде жасалмаса, оның заңды күші болмайды. Олай болмасын деген кредитор қарсы тараптың талабына сай қандай да бір әрекетке бару немесе өзіне тиісті міндеттеме алу арқылы, яғни өз міндеттемесін қолдау мақсатында ыңғайласпа қанағаттандыруды көздеп, мәміле жасасуға тиіс. Ыңғайласпа қанағаттандыру: (а) келісуші тараптар бір-біріне қатысты жарамды міндеттемелер алғанда («орындалуға тиіс» екіжақты келісімшарт) немесе (b) кредитор талап еткен пайданы алғанда/шығынға ұшырағанда, немесе (с) кредитор талап еткен пайданы алып беруді борышкерге немесе қандай да бір үшінші тарапқа жүктеп қойғанда туындайды.

## Номиналдық ыңғайласпа қанағаттандыру

Тараптар номиналдық ыңғайласпа қанағаттандыруды көздейтін мәміле жасасуы мүмкін. Арнайы юрисдикция соты ыңғайласпа қанағаттандырудың жеткілікті болуын-болмауын бағаламайды.

**Номиналдық ыңғайласпа қанағаттандыру** – жауапкерге міндеттеме алғаны үшін берілген немесе уәде етілген белгілі бір зат, ол символдық айырбас немесе мәміле жасалғандықтың нышаны болып табылады.

«Ыңғайласпа қанағаттандырудың жеткілікті болуын-болмауын тексерудің қажеті жоқ» деген тұжырымды растайтын істердің бірі Маунтфордтың Скоттқа қарсы ісі (1975), осы соңғы сот ісін қараған лорд-судья Кэйрнс:

*«Көптеген ағылшын соттары шығарған шешімдерге сай, кез келген зат, құны аз болса да, заңға сай жасалған келісімшарт бойынша жеткілікті ыңғайласпа қанағаттандыру болып саналады»,* – деген. Мұндағы белгілі бір заттың немесе номиналдық ыңғайласпа қанағаттандырудың тілге (кәсіби жаргонға) сіңіп кеткен классикалық мысалы – «номиналдық жалдау ақысына» жалға беру туралы келісім жасасу.

Дегенмен кейбір жағдайларда «ыңғайласпа қанағаттандырудың жеткілікті болуын-болмауын тексеру» доктринасы кәметке толмағандарға немесе психикалық ауруға шалдыққандарға қатысты мәмілелерді реттейтін ережелер арқылы, сондай-ақ төлем қабілетсіздігі туралы заңдарда қарастырылған шартты бұзуды болдырмау туралы ережелер арқылы айқындалады. Ал тұрақсыздық айыбын төлету туралы сот шешімдері келісілген залалды өтеу туралы шамадан тыс талаптардың күшін жояды; шамадан тыс кепілақы төлеу туралы талаптардың да күші жойыла алады. Аталған бірыңғай жағдайлар мен нақтылауларды санамағанда, ағылшын келісімшарт құқығы «әділ баға» немесе елеулі дәрежеде әділ айырбас жасау доктриналарын танымайды.

## Бұрын орындалған талаптарға қатысты міндеттемелер

Уақыты өтіп кеткен ыңғайласпа қанағаттандыруға қатысты ереже. Біреудің бұрын өз бастамасымен қызмет көрсетуіне немесе қандай да бір іс-шараны жүзеге асыруына байланысты ыңғайласпа қанағаттандыруды талап етпейтін міндеттеме алу міндетті заңдық күші бар келісім жасасуға негіз бола алмайды.

Уақыты өтіп кеткен ыңғайласпа қанағаттандыруға қатысты ереже. Бұрын қызмет көрсету талап етілмегендіктен, мұндай жағдайда ыңғайласпа қанағаттандыру болмайды. Ыңғайласпа қанағаттандыру ережесіне қатысты негізгі сот прецеденті – Иствудтың Кеньонға қарсы ісі (1840).

Іс-шараны жүзеге асыру талап етілген жағдайға байланысты нақтылау. Жеке тұлға бұрын орындаған жұмысына қатысты міндеттемені мына жағдайларда орындауды талап ете алады:

(а) ол жұмысын тегін емес, өзіне тиісті ақы төленеді деген оймен атқарғанда; (b) оның тиісті іс-шараны орындауын басқа тарап талап еткенде;

(с) аталған міндеттемені орындау талабы жария тәртіпке қайшы келмесе.

Іс-шараны жүзеге асыру талап етілген жағдайға байланысты нақтылау. Пао Онның Лау Юи Лунға қарсы ісі (1980) бойынша шығарылған шешімде расталған, осындай ұйғарым Кейси патенттері туралы ісіне де (1892) қатысты шығарылған. Осы аталған элементтердің ішінде, тиісті іс-шараны орындауын басқа тарап



Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы

Дәріс: Ыңғайласпа қанағаттандыру (Consideration) және құқықтық қатынастар орнату ниеті

Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

талап еткенде көрсетілген «талап ету» элементі ең маңызды фактор болып саналады, мұндай фактор Иствудтың Кенъонға қарсы ісінде (1840) болмаған.

## Бұрыннан бар міндетті талап

Атқарылатын іс-шара заң немесе басқа да мемлекеттік талаптарға сай міндетті болса, онда ыңғайласпа қанағаттандыру жасалмайды.

Glasbrook Bros Ltd компаниясының Glamorgan CC компаниясына қарсы ісі (Glasbrook Bros Ltd v. Glamorgan CC) (1925) бойынша шығарылған шешім тиісті іс-шара заң немесе басқа да мемлекеттік талаптарға сай міндетті болса, онда талап арыз берушінің өзіне міндеттеме алу немесе тиісті әрекетке бару арқылы ыңғайласпа қанағаттандыру жасамайтынын растаған. Себебі аталған міндеттемені алған немесе оны орындаған жағдайда жаңа пайда/залал туындамайды.

Жоғарыда көрсетілген нақтылауға келсек, Уордтың Байхэмге қарсы ісін (1956) қарастыруға болады. Апелляциялық сот бұл іс бойынша әкенің төлем жасау міндеттемесі орындалуға тиіс деп бір ауыздан шешім шығарған. Судьялардың басым көпшілігі Гласбрук ісінде айқындалған дәстүрлі ұстанымды қолданған. Апелляциялық сот судьялары Моррис пен Паркердің пайымдауынша, «**баланы бағып-қағамын**» деп міндеттеме алу ыңғайласпа қанағаттандыруды қажет етпейді, өйткені мұндай міндет ата-анаға онсыз да заң бойынша жүктелген. Дегенмен, ол заңның қазір күші жойылған. Сондықтан олар екінші міндеттемені (бақытты ету) артық, яғни заңда қарастырылған минималды талаптарға қосымша, шамадан тыс әрекет деп таныды. Кредиторға келтірілген залал элементін талдау ұстанымын қолданудың орнына, негізгі ережені айналып өтудің баламалы жолын таңдап, талап арыз беруші жауапкердің талабына сай пайда/артықшылық табу элементін жауапкерге не үшінші тарапқа жүктеген немесе жүктеуге міндеттенген деп пайымдауға болады. Алайда бұл ұстанымды қолдайтын сот шешімдері аз.

Уордтың Бэйхамға қарсы қарағандардың бірі – лорд-судья Деннинг азшылық қатарында болды. Лорд-судья Деннинг осы мәселеге қатысты азшылыққа тән ұстанымын Уильямстың Уильямсқа қарсы ісінде де (1957) басшылыққа алған. Оның бұл ұстанымын аталған екі істе де судьялардың көпшілігі қолдаған жоқ. Осы ретте Лордтар Палатасы шығарған шешімнің күшін одан басқа ешкім жоя аламайтынын атап өткен жөн. Сондықтан да бүгінгі таңда Гласбрук ісі (1925) осы мәселеге қатысты басты сот прецеденті болып қалуда әрі полиция қызметіне ғана емес, сондай-ақ заңға сай және мемлекеттік талаптарға сай барлық міндеттерге қатысты қолданылады. Алынған міндеттемеге сай іс-шара мемлекеттік талаптардан артып және тиісті келісімді құптау жария тәртіпке қайшы келмеген жағдайда ғана ыңғайласпа қанағаттандыру жасалады.

## Үшінші тарап алдында талаптарды орындауға міндеттеме алу

Жеке тұлға басқа тарап алдында белгілі бір талаптарды орындауға міндеттеме алғанда немесе сол талаптарды орындағанда, ыңғайласпа қанағаттандыру жасалады. Бұл қағида орындалатын талаптар аталған жеке тұлға мен үшінші тарап арасында бұрын жасалған келісімшартта қарастырылған талаптармен бірдей болған жағдайда да қолданылады.

New Zealand Shipping Co Ltd компаниясының AM Satterthwaite & Co Ltd компаниясына қарсы ісін (1975) қараған Құпия кеңес Блэкбёрннің бірінші және екінші міндеттемені бір уақытта орындауы жасалған келісімшарттың екеуіне де сай ыңғайласпа қанағаттандырудың болғанын растады.

Пао Онның Лау Юи Лунға қарсы ісін (1980) қараған Құпия кеңестің мүшесі лорд Скарман тиісті талапты орындаудан бұрын алынған екінші міндеттеменің өзі колледж алдында ыңғайласпа қанағаттандыру жасалғанын білдіретінін растаған.

## Құқықтық қатынастар орнату ниеті

Барлығымыздың білетініміздей, құқықтық қатынастар орнату ниеті келісімшарт элементінің бір бөлігі болып табылады. Құқықтық қатынастар орнату ниеті - тараптар келісімнің құқықтары мен міндеттерінің орындалуын қамтамасыз ететін заңдық күші бар келісім жасау ниетін білдіреді. Құқықтық қатынастар орнату ниеті заңдық күші бар келісім немесе шартты жасау болып табылады. Өйткені, ол шартты қалыптастырудың негізгі элементтерінің бірі. Себебі, тараптардың келісім жасасудың заңды салдарын қабылдауға дайындығын білдіреді.



Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы

Дәріс: Ыңғайласпа қанағаттандыру (Consideration) және құқықтық қатынастар орнату ниеті

Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

## Коммерциялық жағдайлар

(i) коммерциялық келісімдер құқықтық қатынастар орнату ниетімен жасалады деген болжам (презумпция) бар, дегенмен мұндай жағдайда да ыңғайласпа қанағаттандыру жасалатыны көрсетілуі керек.

Коммерциялық келісімдерге қатысты презумпция. Коммерциялық келісімдерге қатысты құқықтық қамтамасыз етуді құптайтын презумпцияға келсек, Эдвардстың Skyways Ltd компаниясына қарсы ісін (1964) қараған судья Могоу ең алдымен осы презумпцияны басшылыққа алатынын айтқан. Барбудевтің Eurocom Cable Management Bulgaria Eood компаниясына қарсы ісінде (2012) лорд-судья Айкенс те осы презумпциямен келісті: «Коммерциялық сипаттағы мәмілеге қатысты жағдайда, құқықтық қатынастар орнату ниеті болған жоқ дегенді алға тартқан тарап шынымен солай болғанын дәлелдеуге міндетті – бұл оңай емес».

Мысалы, Аттриллдың Dresdner Kleinwort Ltd компаниясына қарсы ісін (2013) қараған Апелляциялық соттың ұйғарымына сай, инвестициялық банктің өз жұмысшыларына кепілді түрде кемінде 400 миллион евро көлемінде сыйақы қорын құратыны туралы хабарландыруы объективті түрде құқықтық қатынастар орнату ниетін білдірді. Банк жұмысшылары жұмыс беруші өзіне тиісті міндеттеме алды деген пайымға келген, олардың солай пайымдауына толық негіз болды.

(ii) Тараптар жасасқан мәміле «келісімшарт қол қойылғанда күшіне енеді» деген қағидаға сай болса немесе жай ғана «джентльмендік келісім» деп көрсетілсе, немесе арнайы юрисдикция соты аталған мәміле құқықтық қатынастар орнату ниетімен жасалмаған деп тапса, жоғарыда аталған болжамды (презумпцияны) жоққа шығаруға болады.

Презумпцияны жоққа шығару. «Келісімшарт қол қойылғанда күшіне енеді» қағидасына қатысты негізгі сот прецеденті, Лордтар Палатасы Rose & Frank Co компаниясының Crompton Bros компаниясына қарсы ісі (1925) бойынша айқын адал міндеттеме ескертпесіне сай заңды құқықтар алынып тасталады деген шешім шығарған. Бұл істе: (1) импорттау туралы негізгі келісім мен (2) сатып алу-сату туралы бірнеше бөлек келісімшарт қарастырылған. Аталған 1 тармақ бойынша, онда көрсетілген келісім: «Ресми келісім немесе заң талаптарына сай ... жасалған келісім болып саналмайды, сондай-ақ ол АҚШ пен Англия соттарының құқықтық юрисдикциясына жатпайды». Лордтар Палатасы шығарған шешімге сай, аталған импорттау туралы негізгі келісімде көрсетілген айқын талаптардың ешқандай заңды күші жоқ. Алайда, 2 тармаққа келсек, сатып алу-сату туралы бірнеше бөлек келісімшарт қарастырылған, аталған негізгі келісім аясында жасалған сатып алу-сату туралы жекелеген келісімшарттардың міндетті заңдық күші болады. Бұл шешімнің көрсетілген екі құрамдас бөлігі де дәйекті.

Жалпы алғанда, сот қалыптасқан жағдайды ескере келе, келісімді мәжбүрлі түрде орындату презумпциясын жоққа шығаруға болады деген қорытындыға келуі мүмкін. Төменде аталған сот ісі достық немесе әлеуметтік қарым-қатынастан туындаған іскерлік қатынастар туралы. Оны «бұрын әйгілі болмаған адамдардың табысқа кенелуі» туралы іс деп атасақ болады: бұрын көңіл көтеру үшін ғана музыка ойнаған эстрадалық топ «Шпандау балле», уақыт өте келе коммерциялық табысқа жеткен.



Судья Парк Хэдлидің Кемпке қарсы ісі (1999) бойынша, мынадай түсініктеме берген:

«Әдетте соттар іскерлік сипаттағы келісімдер, уағдаластықтар міндетті заңдық күшке ие болады деген



ниетпен жасалады деп ұйғарым шығаруға өкілетті. Дегенмен мұндай құқықтық ереже жоқ. Бұл соттардың фактілерге қарап, олар туралы қандай тұжырым жасайтыны жөніндегі жалпы пайым ғана. Мұндай жалпы пайым жекелеген сот істерінде қолданылмауы мүмкін. Осы сот ісіне қатысты нақты деректерге сенсек, аталған музыкалық топ мүшелері өзара іскерлік байланыс орнатқан, бірақ олардың қарым-қатынасы жай ғана іскерлік байланыстан тыс шыққан... Топ мүшелері бір-бірін мектеп жасынан бері таниды екен. Олар өздерін үнемі бірге жүретін, қоян-қолтық араласқан жақын достар болғанын ерекше атап өтті. Олар бірлесіп құрған топ тек ақша табу сияқты бизнес мақсаттарын ғана көздеген жоқ, олар өздері айналысқан іске шын берілген еді.

...Топ мүшелерінің қарым-қатынасының елеулі бөлігі іскерлік сипатта болғанына қарамастан, мен талап арыз берушілер жауапкер тараптың жетекші мүшесінің туындыларды жариялаудан түскен пайданы бөлісу туралы шешімі және сол туралы топ мүшелеріне арналған мәлімдемесі құқықтық қатынастар орнату ниетімен жасалғанын дәлелдеді деп сеніммен айта алмаймын».

### **Айқын міндеттеме алынбаған жағдайлар**

*Коммерциялық келісім онда айқын міндеттеме алынғаны («айқын уәде») көрсетілген жағдайда ғана келісімшарт болып танылады.*

Төменде аталған сот істері аңғартқандай, құқықтық қатынастар орнату ниеті доктринасы, әсіресе коммерциялық келісімдерді заң бойынша мәжбүрлі түрде орындату презумпциясы келісуші тараптар айқын міндеттеме алған кезде ғана жарамды болады. Мысалы, (а) бас компанияның өз еншілесінің борыштарын төлейтіні туралы ағымдағы жалпылама стратегиясы жазылған кепілгерлік хат (letter of comfort) жоғарыда аталған міндеттемеге жатпайды; (b) сауда жасайтын тараптар арасындағы мерзімі белгіленбеген әрі өзара міндеттемелер айқындалмаған іскерлік қатынастар олардың құқықтық қатынастарды жалғастыра беруге сөзсіз міндеттеме алғанын білдірмейді.

Kleinwort Benson компаниясының Malaysian Mining компаниясына қарсы ісінде (1989) компанияның банкке жазған кепілгерлік хаты қарастырылған. Бұл хат – бас компанияның өз еншілесінің төлем қабілеттілігі жөнінде және сол еншілес компанияның борыштарын төлеуге жалпы ерік білдірген нағыз кепілдікке ұқсайтын мәлімдемесі (квази-кепілдік, ағыл. quasi-guarantee). Ол сөзсіз кепілдік болып табылмайды. Кепілгерлік хаттың мәні де сол – ол толыққанды кепілдікке жатпайды.

Апелляциялық сот Baird Textile Holdings Ltd компаниясының Marks & Spencer plc компаниясына қарсы ісі (Baird Textile Holdings Ltd v. Marks & Spencer plc.) (2001) бойынша шығарған шешімге сай, «айқын» міндеттеме алынғаны анықталмайынша, сот тиісті талаптарды мәжбүрлі түрде орындату жөніндегі «коммерциялық» презумпцияны қолдана алмайды. Бұл істе талап арыз беруші – киім шығаратын компания, ол отыз жылдан артық уақыт Marks and Spencer компаниясымен ғана іскерлік байланыста болған. Күтпеген жерден Marks and Spencer компаниясы оның жеткізуші қызметінен бас тартады. Талап арыз беруші қарсы тарап жабдықтау туралы ұзақ мерзімді келісімді бұзды деп сотқа шағымданған, алайда сот оның арызын қанағаттандырмады: аталған тараптар арасында іс жүзінде ондай келісім жасалмаған, олар ұзақ уақыт бойы нақты тапсырыстарды орындау жөніндегі жеке-жеке келісімшарттар жасасып қана келген (Marks and Spencer – экономикалық әлеуеті мол компания, ол өзінің жабдықтаушымен арадағы іскерлік байланыстарының басынан дәл осындай икемді тәртіппен өрбуін қалаған). Талап арыз берушінің Эдвардстың Skyways Ltd компаниясына қарсы ісіне (1964) сілтеме жасап, коммерциялық келісімдерді заң бойынша мәжбүрлі түрде орындатуға болады деген презумпцияны басшылыққа алып, қарсы тарап өзіне тиісті міндеттеме алды деген ой-тұжырым жасауына негіз болмады. Талап арыз беруші коммерциялық келісімдерді заң бойынша мәжбүрлі түрде орындатуға болады деген презумпцияға сілтеме жасамас бұрын, өзі мен қарсы тарап арасында жабдықтау туралы негізгі келісімнің болғанын дәлелдеуге тиіс еді. Талап арыз беруші мұны дәлелдей алмады.

### **Коммерциялық емес жағдайлар**

Кейбір коммерциялық емес жағдайларда, арнайы юрисдикция соты ресми түрде ыңғайласпа қанағаттандыру жасалғанына қарамастан, тараптар арасындағы келісімнің міндетті заңдық күші жоқ деген ой-тұжырым жасауы мүмкін.

Заң бойынша (сот шешімімен) мәжбүрлі түрде орындатуға болмайтын негізгі коммерциялық емес жағдайға тараптардың некесі түпкілікті бұзылғанға дейінгі кезеңде жасалған некені сақтап қалу (алимент төлеу) туралы келісім жатады. Бұл мәселеге қатысты негізгі сот прецеденті – Бальфурдың Бальфурға



Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы

Дәріс: Ыңғайласпа қанағаттандыру (Consideration) және құқықтық қатынастар орнату ниеті

Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

қарсы ісі (1919). Бұл сот ісі арнайы юрисдикция соты түрлі практикалық немесе саяси факторларды есепке ала алатынын аңғартты: әлеуметтік ортада немесе үйде адамдардың бір-біріне беретін уәделердің көбісіне айтарлықтай мән берудің қажеті жоқ; әлеуметтік ортада немесе үйде адамдардың бір-біріне беретін уәделердің көбісін азаматтық сот процестері мен олар бойынша қолданылатын құқықтық қорғау құралдарының нысанына айналуына жол бермеу керек; істердің барлығы жаппай сотта қарауға жатпайды.

### Қолданылған әдебиеттер

1. N Andrews, Contract Law (2nd edn, Cambridge, 2015), chapter 5; J Cartwright, Formation and Variation of Contracts (London, 2014), chapter 8
2. J Cartwright, Formation and Variation of Contracts (London, 2014), 8-25 to 8-35
3. J Cartwright, Formation and Variation of Contracts (London, 2014), 8-20 to 8-22
4. J Cartwright, Formation and Variation of Contracts (London, 2014), 8-34
5. J Cartwright, Formation and Variation of Contracts (London, 2014), 8-34
6. N Andrews, Contract Law (2nd edn, Cambridge, 2015), chapter 6; J Cartwright, Formation and Variation of Contracts (London, 2014), 3-09 to 3-12